

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОҒТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



Филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаеваның
70 жылдығына арналған
**«ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ МҰРА НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЁЖИ НА
ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ»**,
посвящённой 70-летию юбилею доктора филологических наук, профессора Алматы
Қыраубаевой

MATERIALS
of the Republican scientific and practical conference
**"ACTUAL PROBLEMS OF EDUCATION OF YOUTH ON THE BASIS OF
NATIONAL SPIRITUAL CULTURE"**,
dedicated to the 70th anniversary of doctor of Philology, Professor Alma Kyraubayeva

Шымкент, 2017

Әділова Ш.Д. ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КҮЙШІ СҮГІР БЕЙНЕСІ.....	254
Қазыбек Г.Қ. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ОРЫС ТІЛШЕ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	258
Мамыт А.А., Ташимов Ә.Н. ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАЛАРДАҒЫ АЛАТАУ БАТЫР БЕЙНЕСІ... ..	262
Мұхтарова А.С., Мамасва Г.Б. «ҚАН МЕН ТЕР» ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	267
Серікбай Наурызбай ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ДАМУ ДҮН ҒЫНТАЛАНДЫРУ.....	270
Сырманова К.К., Боташев Е.Т., Калдыбекова Ж.Б., Ривкина Т.В. АНАЛИЗ СТРУКТУРЫ ПОЛИМЕРНЫХ БИТУМНЫХ КОМПОЗИЦИЙ.....	273
Сырманова К.К., Калдыбекова Ж.Б., Байжанова Ш.Б., Абзалова Д.А. ИССЛЕДОВАНИЕ ЗАЩИТНЫХ СВОЙСТВ МОДИФИЦИРОВАН- НЫХ ЭПОКСИКСИЛИТАНОВЫХ ПОКРЫТИЙ.....	278
Шегенбаев Н.Б., Байдосова А.А., Сералиева Ү.О. ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАН - ЖАҚТЫ ДАМУЫҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ.....	281
Жұманова А.А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТОҚЫМА ЖӘНЕ КИІЗ БАСУ ӨНЕРІ.....	285
Кемелова Қ.Ш. ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	291
Көшекбаева А.А., Мыңбаева А.П., Қуанбаева Ж. ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ АТ ОБРАЗЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ.....	294
Омаров Т.Қ., Қалтайқызы Г. ЖАС ЖАЗУШЫ М.МӘЛКОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЖАҒАШЫЛ ӨРІС.....	296
Джалилов Х.Х. АСҚАБАҚТЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ.....	300
Ибрагимов Ф.Р. ҚЫЗЫЛ МИЯНЫҢ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Курвантаева Ш.Х. АСБҮРІШАҚТЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ... ..	306
Муждабаева Г.К. КАРТОГРАФИЧЕСКАЯ ГЕНЕРАЛИЗАЦИЯ НА ОСНОВЕ ГИС- ТЕХНОЛОГИЙ.....	309
Ибрагимова Ж.А., Нурмуханбетова К.К. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕЛЕУ- ДІҢ МАҢЫЗЫ.....	312

Исабек Б.Қ., Нурмуханбетова К.К., Ибрагимова Ж.А. ҰЛТТЫҚ МУЛЬТФИЛЬМДІ ҰСЫНУ АРҚЫЛЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ.....	315
Маханова Г.Б. РЕАЛЬНОЕ ОТРАЖЕНИЕ ЯВЛЕНИЙ РЕАЛЬНОСТИ В ПОЭЗИИ А.С.ПУШКИНА И АБАЯ КУНАНБАЕВА.....	318
Тәңірбергенов М.Ж. ҚҰРАСБЕК ТЫНЫБЕКОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР.....	323
Пернебаев А.А. ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТ- ТАРЫ.....	326
Расулов П. ТҮРКИСТАН ӨНІРІНІҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТУРИСТІК МАҢЫЗЫ.....	329
Арылгазинова Б.Б. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ.....	332
Сайбишева Дилафруз ӘЛЕУМЕТТЕНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ИНФОРМАТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ.....	337
Сырайлова Р.Т., Ташмухамедова А. КҮЙ ӨНЕРІН ДӘРІПТЕГЕН КЕЙБІР АҚАН ЖӘНЕ ЖАЗУШЫ- ЛАРДЫҢ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ.....	340
Усманова Д.Т. МҰНАЙ ХИМИЯСЫ ӨНДІРІСІНІҢ ЕЛ ӘЛЕУЕТІНДЕГІ ОРНЫ....	343
Смаилова М.С. АБАЙДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	347
Латиф А.С., Сапарбекова А.А., Махатов Ж.Б. ОЦЕНКА НА СОДЕРЖАНИЕ САХАРОВ ЗЕЛЕННОЙ МАССЫ СОРГО.....	351
Анарбаев Қ.С., Наурызова Қ.Қ., Абилаханова А.М. ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХИ САНАСЫНЫҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ – ФОЛЬКЛОРЫ.....	355
Анарбаев Қ.С., Сағындықова Б.Е., Қылышбаев А.Д. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІГІ МЕН ҰЛТТЫҚ САНАСЫН САҚТАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЙБІР ТҰСТАРЫ.....	358
Қазыбекова А.Ж., Ибрагимов О.М., Бүркіт Ә.Қ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҚАЗАҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	364
Қылышбаев А.Д., Агулькова Ү.А., Елханова Г.А. ДІННІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ МЕН ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕ- ЛЕУДЕГІ ОРНЫ.....	369
Шнигтемирова Алмагуль Малкаждаровна КОЖА АХМЕТ ИАССАУИ - ЧЕЛОВЕК СВОЕЙ ЭПОХИ.....	372

облысы Шардара, Арыс, Ордабасы аудандарында «Өресі биік, өрісі кең өнер», Қызылорда облысы Қармақшы, Шиелі, Жаңақорған аудандарында «Өнер көзі халықта», Отырар ауданында «Қолөнер – халық қазынасы, ғасырлар мұрасы» атты тықырыптарда этнографиялық ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастырып, нәтижесінде ел арасынан жүннен жасалған кілем, сырмақ, алаша, қоржын, тұс киіз, текемет т.б. заттарды тауып мұражай қорына өткізді.

Қолөнеріміздің озық үлгілерін қаймағын бұзбай қазірге дейін жеткізіп, өнерін кейінгі ұрпаққа өнеге етіп үйретіп отыраған, он саусағынан өнері тамған сырмақ сыру, кілем, алаша тоқу, текемет басу өнерін жалғастырушы ісмер, шебер, апаларымыз ел арасында қазір де баршылық. Атап айтатын болсақ, ОҚО Отырар ауданында Әбдіхалықова Несібелі, Бейсенова Тұмаркүл, Әлімқұлова Сәрсенкүл, Қаратаева Қалдыкыз, Серікбасва Тұрғанкүл, Рахматуллаева Ақұлтай, Тағаева Жібек, Қаратаева Қалдыкыз, Бөрібекова Таңсұлу, Көпесова Шолпан, Жүсіпбек Шолпан, Алимкүл Сәрсенкүл, Арыстанбасва Күлтай Шардара ауданында Дабысова Ибаш, Исаева Үрпия, Иізова Батима, Айшуақызы Үрпия, Бөрібекова Сәрсенкүл, Жолдыбайқызы Аманкүл, Қызылорда облысында Шолпан Садуақасқызы, Қалендер Зылиха, Қалиева Қалима, Нәбісва Набат, Қалиева Бибайша, Мақантасва Ырысалды. ОҚО Шұбарсу елді мекенінің қолөнер шебері Тұрғанкүл Ізтайқызы, ОҚО, Арыс ауданы Дермене елді мекенінің қолөнер шебері Құрманқожаева Жадыра, ОҚО, Созақ ауданында Зәйтүнова Тәжбан, Жақсылыққызы Мейрамкүл, Дастанқызы Мәрияш, Батыршаева Маржанкүл, Бимендиева Қалдыкүл, Нұржанбасва Аманкүл.

Экспедиция барысында қолөнершілердің өздері тоқыған қазақ халқының ұлттық үлгісіндегі сырмақ, түкті кілем, кілем қоржын, ақ басқұр, аяқ қап, текемет, терме алаша, қақпа алаша т.б. туындыларына қарап шеберлердің қиялына таң қалдық, бояулары бір-біріне үйлесімді, оюлары жатық болып келген, көз тартар сәнділігімен, үздік орындау шеберлігімен ерекше көзге түседі.

Қазақтың кең байтақ, ұлан ғайыр шексіз жатқан жерінің көне дәуірден бастап қазіргі ұрпағымыз өсіп-өнген дәуірімізге дейінгі кезеңдерде небір тарихи дәуірлерді бастан кешкені белгілі. Азаттықтың арайлы танымен бірге бар мен жоғымызды түгендеп келер ұрпаққа аманаттау керектігі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен қабылданған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасында айтылды. Осыған байланысты Отырар өңірінің мәдени мұрасын зерттеуде Отырар қорық-мұражайының қызметкерлері өз үлестерін қосып келеді.

Қолөнер бұйымдары ел тұрмысына сән беріп, адамдарға рухани ләззат әкелген, халық өмірмен бірге жетіліп келе жатқан өнер. Ертедегі ата-бабаларымыздың қолөнер үлгісін, шеберлігін сақтап қалып, кейінгі ұрпаққа жеткізу, үйрету бүгінгі таңда игілікті іс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ө.Жәнібеков. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992 - 49-53 б.б.
2. Жүннен жасалған бұйымдар. – Алматы, 1990 – 56 б.
3. А.Х.Маргулан. Казахское народное прикладное искусство. – А.: Өнер, 1986 – с.32.
4. А.Х.Маргулан. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-ата: Өнер, 1986 – с.149.
5. М. Ш. Өмірбекова. Қазақ халқының дәстүрлі өнері. – Алматы: Кітап, 2004 – 50 б.
6. Ә.Тәжімұратов. Шебердің қолы ортақ. – Алматы: Қазақстан, 1977 – 54 б.
7. Өмер Займоғлы. Студенттердің кілем өнері арқылы педагогикалық іс-әрекетке дайындаудың дидактикалық шарттары. - Түркістан 2008. 3 б

ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Кемелова Қ.Ш.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі, Қазақстан, Шәуілдір

Резюме

В статье анализируются украшения, которые легли в основе всех видов украшения, образованном в древние времена казахов и типы украшений

Resume

The article analyzes the ornaments which were the basis in all types of decoration formed in the remote times of Kazakhs and the types of the ornaments.

Қазақтың өрнекті әшекеймен істелетін қолөнерінің түрлері де, атаулары да өте көп. Солардың ішінде халық арасында көбірек тарағаны-ою-өрнек. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнердің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келеді. Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиналастырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деп түсінеміз. Қазақ көбінесе бір өрнек салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де ою дейді. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің күйдіріп, жалатып, бояп, қалыптап істеген көркемдік әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарлана айтыла береді.

Қазақ ұлттық ою-өрнегінің бірнеше ондаған ғасырлық тарихы бар, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, үнемі қолданыста дамып келе жатқан өнер түрінің бірі осы ою-өрнек саласы.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы V-III ғасырлар аралығында Алтай өңірінен, Қара теңіз төскейіне дейінгі сайын даланы мекендеген түркі халықтарының түп аталары- байырғы Сақтар әлемдегі мәдени өмірде өнердің өшпес асыл мұраларын өнер жарықтарын қалдырған. Аталмыш өнер кезеңіне Академик Әлкәй Марғұлан «Аңдабы мәнер» деп ат берген. Есік обасынан, Шығыс Қазақстаннан қазылып алынған «Алтын адам» киімі осы аңдабы мәнерінде жасалған өрнек. Міне, қазақ халқының ою-өрнек өнері, осылайша түркі халықтарының, яғни ежелгі сақтардың өнері зергерлік әшекейлермен тікелей сабақтасып отырады. Негізінен, қазақ даласында оюлар әр түрлі үлгіде дамыған. Еліміздің әрбір аймағының өзінің стильдік ерекшеліктері, үлгілері болған. Соған қарамастан барлық оюлардың бастапқы элементінің негізі- «мүйіз» тектес ою-өрнек болып саналады. Халқымыздың тұрмысында жиі қолданылатын: өру, тігу, тоқу, құрау, еріту, балқыту, қио арқылы үй жиһаздарын, құрал-саймандарды, киіз үйлерді, зергерлік бұйымдарды, кілем, алаша, сырмақ, терме алаша, қоржын, ыдыс-аяқтарды, киім-кешектерді ою-өрнектермен әшекейлеп, безендіріп отырған. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауына қазақ ою-өрнектерінің 250-дей түрі анықталған. I Дәлірек айтсақ, белгілі этнограф С.Қасиманов көне ою-өрнектердің 200- дейін, сол атаулардың 50-дейіннің мазмұнын ел арасынан жинап, қағазға түсірген.

«Мүйіз» оюы қазақ халқының ою-өрнегінің төркіні деуге болады, өйткені барлық жаңа элементтер соның негізінде жасалып, тек атаулары ғана өзгеріп отырған. Жалпы, ою-өрнектердің мазмұны мен маңызы мал өсіру, аңшылық, жер-су, көшіп-қону сияқты көріністерін, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін түспалдайды, бірақ қолөнер саласындағы қай бұйымды алсақта, сол заттың бетінде түрлі нұсқада бейнеленген «мүйіз» тектес ою-өрнектер.

Негізінен, қазақ халқы ерте заманнан бергі күнделікті қолданыстағы үй-жиһаздарына ою-өрнектер салып бейнелеуі, оның кең сипат алып, жаппай дамыған кезі тек кейінгі XIX ғасыр деп санайды ғалымдар.3 Осы ғасырда қазақтардың үй-жиһаздарын әпекейлеуге кең көлемде қолданған ою-өрнек түрлері, негізінен, зооморфтық, өсімдік, геометриялық, космогониялық.4

Осы ою-өрнектердің ішінде халық арасына кең тарағаны - зооморфтық. Ол жануарлардың сыртқы пішіні, кейбі, мүйізі, тырнағы, мойны, табанына т.б ұқсас ою-өрнек түрі. Зооморфтық ою-өрнектер түрі кебеже, жүкаяқ, асадал т.б. бұйымдарда кездеседі.

Аталған ою-өрнекте төрт түлік малдың абстракциялық пішіні ерекше орын алады. Оған мысал бүгінде бәрімізге мәлім қошқар мүйіз, төрт құлақ, түйе табан, бота мойын, түлкі бас, құс қанат және т.б оюлары.5

Төрт түлік малдың бейнелерінің бірі - қошқар мүйіз оюы қазақ халқының бүкіл тіршілігінен көрніс тапқан. Кей қолданыста ол қырық мүйіз, сынар мүйіз, арқар мүйіз болып түрленіп отырады. Қошқармүйіз төрт тармақтан құралып, ортасы айқыш тәрізді болып келеді. Төртқұлақ өрнегі кебеже, жүкаяқтарды безендіруде кеңіне қолданылады. Ол ағаш бұйымдардың кейде дәл ортасына, кейде бұрышына бедерленген. Осындай өрнектердің тағы бір түрі- ботамойын. Ол ағаш бұйымдардың дәл ортасында, я болмаса бұрыштарында кездесіп отырады. Осымен қатар, ағаш бұйымдарда иттабақ, итемлек, қаракұс, қаратұмсық, көбелек, шыбынның қанаты деп аталатын өрнектер де ұшырасады.6 Олар әсіресе, жүкаяқта, төсектерде молынан қолданылады.

Қазақтардың жиһаздарында кең таралған ою-өрнектердің келесі бір түрі - өсімдік тектес ою-өрнектер. Олар тұрмыста қолданылатын барлық дерлік ағаш бұйымдар да кездеседі. Жалпы өсімдік өрнегінің өзі жапырақ, гүл, сабақ, өткізбе, шиыршық, тамыр түрінде бейнеленеді және жаңадан ашылып келе жатқан жауқазын бейнесінде де ұшырасады.7

Өсімдік тектес ою-өрнек, көбінесе, кебеже мен жүкаяқтардың, беттерінде тігінен де, көлденеңінен де бедерленеді. Ал асадалдарда бұл ою-өрнегі бір-бірімен сабақтасып, біге қайнасан түрінде беріліп отырады. Өсімдік кескіндері ағаш бұйымдарда шебердің талғамына қарай әр қилы көрініс табады. Шебер оны өз талғамына, қалауына орай жекелеп, топтастырып беріп отырған. Сондай-ақ ағаш бұйымдарда өсімдік элементтері сабақтастырылған, шиыршықталған күйінде немесе шеңбер түрінде бедерленген. Бұл ою-өрнектің ішіндегі бүгінде кең таралғаны ағаш сұлбасының абстракциялық түрдегі бейнесі. Сонымен қатар, ою-өрнектің ішіндегі келесі бір кең таралғаны - жапырақ тектес түрі. Жапырақтың, әсіресе, дара және топтасқан бейнелері көп қолданыс тапқан.

Үй жиһаздарында кездесетін ою-өрнектің келесі түрі - геометриялық. Ол барлық дерлік бұйымдарда орын алады, көбінесе, жалпы композиция құру барысында негізгі күрделі ою-өрнектерді жалғастырушы ролін атқарады. Үй жиһаздарында аталған ою-өрнек элементтері тұтастырушы немесе аралықтарды толықтырушы түрінде кездеседі. Тіпті кейде әр қилы

орындалған сызықшалары 40-50 градус көлбеу орналасса, бір жерлерінде қатарласып отырған. Ол үй жиһазының жиектеріне, бүйірлеріне, қапталдарына нақышталған. Көбінесе кебелелердің дәл ортасында шеңбер, сызық түрінде де бедерленеді. Сондай-ақ, бұйымдарда геометриялық ою-өрнектердің үлбұрыш, төртбұрыш, сүйірбұрыш, айқышты, сопақша түрлері кездеседі.

Халық арасында кең таралған ою-өрнектің келесі бір түрі- космогониялық ою-

өрнек. Ол кебеже мен әбдірснің дәл ортасында, көбінесе, күн бейнесінде, айналасына ұсақ жұлдызшалар, бұлт, толқын түрінде бейнеленген. Ағаш бұйымдарында космогониялық ою-өрнектердің «жұлдыз», «шұғыла», «төртқұлақ», «бітпес», «шимай» деп аталатын түрлері де кеңінен қолданылған.9 Әсіресе, айтық, жұлдыз, күн бейнелері үй жиһаздарында көптеп кездеседі. Аталған ою-өрнектер, негізінен, ағаш бұйымдарында бінеше рет қайталанып, ырғақ заңдылығымен орындалып отырған. Космогониялық ою-өрнектер үй жиһаздарының орталықтарында және жиектерінде бедерленген.

Мәселен, күн бейнесі оның шұғыласы ағаш бұйымдарының ортасында шеңбер түрінде бедерленсе, ай бейнесі көбіне-көп қыз жасауларында жаңадан туып келе жатқан бейнесінде өрнектеледі. Ал толқын тәріздес шумақталған бұлт бейнесінің сыртқы пішіні бұйымдардың жиектерінде беріліп отырған. Ағаш бұйымдарында көрніс тапқан ою-өрнектер мен олардың мазмұны қазақтар арасында ағаш ойыштаудың кейінгі ғасырларда біршама дамығандығын аңғартады. Негізінен, ою-өрнек өнері қазақ халқының ауыз әдебиеті секілді мәдени шежіре. Болашақ ұрпақтарымызға ұмыт болып бара жатқан осы өнерді таныстырып, колөнер, сурет, архитектура және өндіріс салаларына ендіріп қана қоймай, осы өнерді қайта жанғырту біздің мақсатымыз.

Қорыта айтсақ, ою-өрнек ісінде қазақ арасына ең көп тарағандары, сырмақ, текемет, түскиіз, сандыққап, тұтқыш, киіз есіктің маңдайшасы, үзік, кереге қап сияқты киізден ойылып алынатын заттар. Әрине, осы аталған заттарды ою салып өрнектеу тәсілі әр түрлі. Мысалы: сырмақты ақ киізбен қара киіздің ою үлгісіне салып кесіп алады да оюластырып тігеді де, жиек басын сыриды. Аяққап, сандыққап, түскиіз, киіз есіктің маңдайы, туырлықтың қасы сияқтыларды көбінесе оюлаған, әр түрлі маталарды бастырып тігу арқылы, ал түйе жабуы, тұтқыш тағы басқа заттарды еш нәрсе бастырмай-ақ тек өрнектен сыру арқылы ғана жасайды. Себебі, бұларға ою бастыру, не оюлап құрастыру ерсі саналады. Сондай-ақ, киіз есікті де оюламайды, оның шеттеріне басқа киіз құрап, ортасын «таңдай» өрнегімен сырып қана қояды. Бұл арада халқымыздың негізгі шаруашылығы мал бағу болғанын, ішім-жем, киім-кешек т.б да керек жарак қажеттерін осы төрт түлік мал өтейтінін ескергеніміз жөн. Осыған орай, қазақ халқының колөнері, яғни ою-өрнек ісі ең алдымен осындай мал шаруашылығынан алынатын шикізат қорын ұқсатып тұтынуға байланысты дамығандығы ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Ш. Өмірбекова. «Қазақ халқының дәстүрлі өнері». Алматы 2004ж. 4 б.
2. М.Ш. Өмірбекова. «Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті». Алматы. 2004 ж. 107 б.
3. Х. Арғынбаев. «Қазақ халқының колөнері». Алматы. 1987ж. 58 б.
4. Өзбекәлі Жәнібеков. «Эхо». Алматы. 1991ж. 160 б.
5. С. Қасиманов. «Қазақ халқының колөнері». 1995ж. 27 б.
6. С. Қасиманов. «Қазақ халқының колөнері». 1995ж. 28-30 б.б.
7. Қ.С.Э. 6-шы том. 370 б.
8. К. Ыбраев. «Казакский орнамент». Алматы. 1994ж. 29 б.
9. Ө. Жәнібеков. «Жолайрықта». Алматы. 1995ж. 156.